

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті»  
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**  
« 17 » 2023 ж. № 1 қаптама  
Ғылыми кеңестің төрағасы  
Т. А. Ахметжанов



**6B02145 «ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ (ДОМБЫРА)» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Дайындық курсы	Шекті балл
«Домбыра»	6B02145 «Халық аспаптары (Домбыра)»	Қазақ Орыс	Орта кәсіби білімі (колледж дипломы) немесе арнайы музыкалық мектепті бітіргендігі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты болуы тиіс	Жоқ	75 грант және ақылы

**БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**  
1.1 Мамандық

- Шығармашылық емтихан бағдарламасы түрлі орындаушылық дәстүрден қалауы бойынша 5 күй және домбыраға арнайы жазылған немесе лайықталған (қазақ, шетел, орыс, қазіргі заман композиторларының) 1 шығармасын фортепиано сүйемелімен жатқа орындау талап етіледі:

- 1 Төкпе күй мектебінен бір күй.
- 2 Шертпе күй мектебінен бір күй.
- 3 Орта екпінмен орындалатын бір күй.
- 4 Қазіргі заман композиторларының бір күйі.
- 5 Қалауы бойынша бір күй.

## **ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

Екінші шығармашылық емтихан Сольфеджио/Этносольфеджио (талапкер таңдауы бойынша) және Гармония пәндері бойынша өткізіледі.

### **2.1 Сольфеджио**

#### ***Жазбаша***

- Кезең түріндегі бір дауысты диктант, қайталанатын немесе қайталанбайтын құрылымында (8-10 такт), затактпен және затактсыз, әуезді дамыған дауыстармен; 3/4; 4/4; 3/8; 6/8 мөлшерінде, оның ішінде I дәрежедегі туыстас тональностықке ауытқулар, хроматикалық өтпелі және көмекші дыбыстар, секіріспен алынған хроматизм, өткен ритмдық топтар (бір сегіздік екі он алтылық, пунктирлі ритм, екі он алтылық бір сегіздік, әр түрлі синкопалар, лига таңбасымен біріктірілген нота топтары, нүктелі төрттік және сегіздік);

- Жазу уақыты – 25-30 минут, қайталап ойнау саны – 12;

#### ***Ауызша***

- Үш түрлі мажорлық және минорлық гаммаларды, халық музыкасының ладтарын, пентатоника, екі есе гармоникалық мажор мен минорды, хроматикалық гамманы әндету;

- Ладтың диатоникалық және альтернативті сатыларын, диатоникалық және хроматикалық интервалдарды, соның ішінде тритондарды, характерлі тән интервалдарды әндету және есту арқылы анықтау;

- Үшдыбыстылықтарды (негізгі, кіші, кішірейтілген және ұлғайтылған) және олардың айналымдары, барлық диатоникалық септакордтарды және олардың айналымдарын, сондай-ақ септакордтардың шешілуін әндету және есту арқылы анықтау: D7 айналымдарымен, II7 айналымдарымен және VII7 айналымдарымен;

- Қарапайым және күрделі өлшемдерде, альтерация мен хроматизмді қамтитын бір дауысты әуенді парақтан оқып әндету.

### **2.2 Этносольфеджио**

#### ***Жазбаша***

- Төкпе күйінің (ре-ля ладтық тірегіндегі) бастапқы тақырыптық бөлімінен тұратын, әртүрлі ырғақтар мен қағыстарды қамтитын, ауыспалы/аралас өлшемдегі домбыра диктанты.

- Диктант 18-25 тактіден тұрады.

- Жазылу уақыты – 25-30 минут, орындалу саны – 12.

#### **Ауызша**

- Мажорлы және минорлы гаммаларды (үш түрін), халық музыкасының саздарын, пентатоника, екі еселі гармониялық мажор және минорды әндету;

- Саздың диатоникалық және альтерацияланған сатыларын, диатоникалық және хроматикалық интервалдарды, шешілуі бар тритондар, ерекше интервалдарды (характерлі) әндету және есту арқылы анықтау;

- Әртүрлі интонациялық және метрикалық қиындықтары бар (ырғақтық топтасудың ерекше түрлері, синкопа, ауыспалы/аралас өлшемдер), қазақ музыкасы негізіндегі бірдауысты әуенді бірден парақтан әндету. Мысалы: №94, 106, 118, оқулық: Омарова Г.Н., Мурзағалиева Г.И. Этносольфеджио.- Алматы, 2005. – 91 б.

### **2.3 Гармония**

#### **Жазбаша**

- Диатоникалық аккордтарды, альтерацияланған субдоминанта аккордтарын, екі еселенген доминантаны, I деңгейдегі туыстық тональдіктерге ауытқулары мен модуляцияны қолдана отырып әуенді гармонизациялау.

- Жазуға берілетін уақыт – 2 академиялық сағат

#### **Ауызша**

- Аккордтар тізбегін немесе секвенция ойнау (тональді немесе модуляциялық);

- Әртүрлі стильдегі шығармалардың музыкалық үзіндісіне бірден парақтан гармониялық талдау жасау;

- Музыка теориясы, гармония, музыкалық шығармаларды талдау курстары бойынша сұрақтар.

### **• Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:**

<p>Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан</p>	<p>Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i></p>	<p>Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан</p>	<p>Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i></p>
---	---	--	--

45-50	Бағдарламасы талапқа сай; Орындаушылық шеберлігі жоғары деңгейде; Орындаушылық аппараты дұрыс қойылған;	45-50	Диктант дұрыс, қатесіз жазылған, қағыстар мен өзгермелі өлшемдер көрсетілген. Әндету интонациялық таза және ырғақтық жағынан дәл.
	Күйшілік мектептердің ерекшеліктерін біліп, дәстүрлі қағыс қағу және саусақ басу ережелерін сақтап орындайды; Шығармадағы тремоло, пиццикато т.б. әдістерін орындау техникасы жоғары деңгейде; Стилистикалық тұрғыдан айқын, әртістік қабілетін көрсете, сенімді орындау		Гармониялық тапсырма жеке фрагменттерді гармонизациялаудың мүмкін нұсқаларымен қатесіз және ескертусіз сауатты шешілген. Аккордтық емес дыбыстарды қолдана отырып, ұсынылған тональды жоспар бойынша сенімді модуляция ойнау. Музыка теориясы бойынша мінсіз жауап.
40-44	Бағдарламасы талапқа сай; Орындаушылық шеберлігі жоғары деңгейде; Орындаушылық аппараты дұрыс қойылған; Күйшілік мектептердің ерекшеліктерін біліп, дәстүрлі қағыс қағу және саусақ басу ережелерін сақтап орындайды; Шығармадағы тремоло, пиццикато т.б. әдістерін орындау техникасы жоғары деңгейде;	40-44	Диктант толығымен жазылған, бірақ кішігірім қателіктер жіберілген. Әндету жақсы, кішігірім интонациялық дәлсіздіктер бар, ырғақтық жағынан дәл. Сауатты шешілген гармониялық тапсырма (дұрыс тональды жоспар, аккордтық емес дыбыстарды қолдану). Аккордтық емес дыбыстарды өз тональды жоспары бойынша қолдана отырып модуляциялау ойыны. Музыка теориясы бойынша нақты білімі бар.
35-39	Бағдарламасы талапқа сай; Техникалық мүмкіндіктері жоғары деңгейде; Орындаушылық аппараты дұрыс қойылған; Күйшілік мектептердің ерекшеліктерін біліп, дәстүрлі қағыс қағу және саусақ басу ережелерін сақтап орындайды; Орындау барысында аздаған мәтіндік қателердің орын алуы;	35-39	Диктант толығымен жазылған, бірақ дыбыс биіктігі, қағыстарды, ырғақты жазуда кішігірім қателіктер жіберілген. Әндету жақсы, бірақ ырғақта қателіктер бар. Кішігірім қателіктермен, бірақ сауатты тональды жоспармен және жалпы функционалды логикамен гармониялық тапсырманы шешу. Аккордтық емес дыбыстарды қолданусыз модуляция ойнау. Жақсы теориялық білім.
30-34	Бағдарламасы талапқа сай; Орындаушылық аппаратында кемшіліктердің болуы; Орындау барысында аздаған мәтіндік қателердің орын алуы; Күйшілік мектептердің ерекшеліктерін стильдік ерекшеліктерін сақтамау;	30-34	Диктант толығымен жазылған, бірақ елеулі қателіктер жіберілген. Әндету интонациялық таза емес және ырғақты дәл емес. Дауыс жүргізуде және тональды жоспарда кішігірім қателіктермен гармониялық тапсырманы шешу. Дауыс жүргізуде кішігірім қателіктері бар модуляцияны ойнау.

			Музыка теориясы бойынша жауаптардың барлығы дұрыс емес.
25-29	Бағдарламасы талапқа сай; Орындаушылық аппаратында кемшіліктердің болуы; Орындау барысында аздаған мәтіндік қателердің орын алуы; Күйшілік мектептердің ерекшеліктерін стильдік ерекшеліктерін сақтамау.	25-29	Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Әндету интонациялық тұрғыдан дұрыс емес, үнемі түзетуді қажет етеді. Гармониялық тапсырманы дауыс жүргізу және тональды жоспардағы қателіктермен шешу. Дауыс жүргізудегі қателіктермен және дәл емес тональды жоспармен модуляция ойнау. Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар.
20-24	Бағдарламасына техникалық мүмкіндіктерінің жеткіліксіз болуы; Орындаушылық аппаратында кемшіліктердің болуы; Орындау барысында мәтіндік қателердің орын алуы; Дыбыс сапасының жеткіліксіз деңгейде болуы.	20-24	Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Әндету интонациялық және ырғақты дұрыс емес, үнемі түзетуді қажет етеді. Гармониялық тапсырма дауыс жүргізуде өрескел қателіктермен және дұрыс емес тональды жоспармен шешілген. Модуляция көптеген қателіктермен ойналады. Үстірт теориялық білім.
15-19	Техникалық мүмкіндіктері төмен деңгейде; Орындаушылық аппаратында қателіктер бар; Орындау барысында көптеген мәтіндік қателер жібереді; Шығармадағы тремоло, пиццикато т.б. дыбыс шығару әдістерін жеткілікті түрде меңгермеген.	15-19	Диктант толық жазылмаған, қателіктер көп. Ән интонациялық және ырғақты жағынан дәл емес. Гармониялық тапсырма толық шешілмеген. Модуляция дұрыс ойналмаған, дауыс жүргізуде өрескел қателіктер бар, тональды жоспар дұрыс емес. Теориялық білімді нашар меңгерген.
10-14	Орындаушылық деңгейі төмен; Орындаушылық аппаратында қателіктер бар; Орындау барысында мәтіндік, аппликатуралық және қағыс қағуда қателіктер бар; Күйшілік мектептердің орындаушылық ерекшеліктерін сақтамайды; Шығармадағы тремоло, пиццикато т.б. дыбыс шығару әдістерін жеткілікті түрде меңгермеген.	10-14	Диктант үзінді түрінде жазылған. Әндету фрагментті, интонация мен ырғақтық қателіктер көп. Гармониялық тапсырма толығымен шешілмеген, тональды жоспар жоқ. Модуляция қателіктер жібере отырып, соңына дейін ойналмаған. Теориялық материал меңгерілмеген.
5-9	Бағдарлама талапқа сай емес; Орындаушылық аппараты дұрыс қойылмаған;	5-9	Диктант үзінді түрінде жазылған. Түрлері бойынша әндету орындалмаған. Гармониялық тапсырма шешілмеген.

	Орындау барысында мәтіндік, аппликатуралық және қағыс қағуда қателіктер бар; Күйшілік мектептердің орындаушылық ерекшеліктерін сақтамайды; Шығармадағы тремоло, пиццикато т.б. әдістерін меңгермеген.		Модуляция ойналмады.
0-4	Келесі емтиханға өткізілмейді Бағдарлама талапқа сай емес; Эмоционалды тұрақсыз орындау, мәтіндік Көптеген қателіктердің орын алуы; Бағдарлама мәтінін жатқа білмеу;	0-4	Диктант жазылмаған. Түрлері бойынша әндету орындалмаған. Гармониялық тапсырма шешілмеген. Модуляция ойналмады.

**Байланыс ақпараты:**

Бірінші шығармашылық емтиханға сұрақтар бойынша: [akhmadiyev1973@gmail.com](mailto:akhmadiyev1973@gmail.com)

Екінші шығармашылық емтиханға сұрақтар бойынша: [ddis22d@gmail.com](mailto:ddis22d@gmail.com)

Оқуға түсу бойынша жалпы сұрақтар: [priem.kaznui@gmail.com](mailto:priem.kaznui@gmail.com)

**Факультет деканы:** Абенов Батырлан Алкенулы



**Кафедра меңгерушісі:** Ахмадиев Абилгазы Кумаргалиевич

